

Денисов ауданы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 ақпандағы № 45 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 наурызда № 6874 болып тіркелді

2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабына сәйкес, Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Денисов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 95 "Денисов ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6352 болып тіркелген, "Наше время" газетінде 2016 жылғы 2 маусымда жарияланған);

2) Денисов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 176 "Денисов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 95 "Денисов ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6568, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 12 тамызда тіркелген).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Жаманов